«Бекітемін»

Мектеп директорының м.а.

Ескіркепова.Г.Д

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша**

**іс-шаралардың кешенді жоспары**

**2023-2024 оқу жылы**

| № | Іс-шаралар атауы | Мерзімдері | Өткізу нысаны | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды нормативтік және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету<br><br>Педагогикалық ұжыммен жұмыс** | | | | |
| 1 | Құжаттардың жүргізілуін бақылауды күшейту, лауазымдық нұсқаулықтарды бұзуларды айқындау. Бұзушылықтар жіберген тұлғаларға тәртіптік жаза қолдану | Үнемі | Лауазымдық нұсқаулықтарды орындалуын қадағалау | |
| 2 | Педагогтарға, ата-аналарға, оқушыларға арналған құқықтық жаппай оқыту шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған нормативтік құқықтық актілермен танысуды қамтамасыз ету | Құжаттардың түсуіне қарай | Құқықтық<br><br>жаппай оқыту | |
| 3 | Директордың қатысуымен өтетін отырыстарда, педагогикалық кеңестерде, ұжым жиналыстарында сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңнаманың орындалу мәселелерін қарастыру | Қазан, мамыр | Мәжілістер, педагогикалық кеңестер | |
| 4 | «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының жобасын кеңінен талқылау | Қаңтар | Педкеңес | |
| 5 | Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы | 2-10 желтоқсан | Дөңгелек үстел | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барынша тиімді шараларын қалыптастыру мақсатында қоғам, құқық-қорғау органдары өкілдерімен кездесулер, «дөңгелек үстелдер» өткізу | 2-10 желтоқсан | Дөңгелек үстел | |
| 6 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент:<br><br>«Сыбайлас жемқорлыққа балта шабу сәтті менеджмент кепілі ретінде», «Ұйым ішіндегі сыбайлас жемқорлық табиғаты және оның алдын алу» | 26 қараша,<br><br>15 сәуір | Құқықтық жаппай оқыту | |
| 7 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске тасыру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг және бағалау өткізуді қамтамасыз ету | Мамыр | Жұмыс жоспарын орындау | |
| 8 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы есеп беру | Маусым | Есеп, ақпарат | |
| **Ата-аналармен жұмыс** | | | | |
| 11 | Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған пошта жәшігінің, сенім телефонының жұмысы. Шағымдар мен ұсыныстар кітабы | Жыл бойы | Сенім жәшігі, шағымдар кітабы және басқалары | |
| 12 | «Сыбайлас жемқорлық және мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес отбасынан басталады» мәселесі бойынша мектеп әкімшілігі мен ата-аналар қоғамдастығының қатысуымен өтетін дөңгелек үстел | Қараша<br><br>І жартыжылдық<br><br>Ақпан<br><br>ІІ жартыжылдық | Дөңгелек үстел<br><br>Сынып сағаты | |
| 13 | Ата-аналар қоғамдастығын мектептік конкурстардың, сайыстардың әділқазылар жұмысына қатысуға тарту | Жыл бойы | Конкурстар, көрмелер, байқаулар | |
| 14 | Қызығушылық танытушы органдардың қатысуымен ата-аналар арасында түсіндіру іс-шараларын өткізу | 20 қазан, 10 ақпан | Әңгімелесулер, дәрістер | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 | Ата-аналардан заңсыз ақша жинау деректеріне жол бермеуді, ақысыз (демеушілік, қайырымдылық) көмек көрсету мен шығын шығару негізділігін бақылауды күшейту | Жыл бойы | Бұйрық | |
| 16 | Мемлекеттік стандарттар мен регламенттерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету | Жыл бойы | Мемлекеттік қызметтерді тіркеу кітабы | |
| **Оқушылармен жұмыс** | | | | |
| 17 | «Мектеп оқулығы» республикалық акциясы | Қыркүйек | Оқулықтар беру | |
| 18 | Сенім телефоны | Жыл бойы | Тіркеу кітабы | |
| 19 | «Сыбайлас жемқорлыққа қалай қарсы тұруға болады?» үздік сынып сағаты | Қазан | Сынып сағаты | |
| 20 | «Жанжалды жағдайлар және олардан шығу жолы» құқықтық жаппай оқыту | 2-10 желтоқсан | Баяндама | |
| 21 | Оқушылар арасындағы «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» плакаттар конкурсы | 2-10 желтоқсан | Оқушылар суреттерінің көрмесі | |
| 22 | «Елімнің болашағы-менің қолымда» сыбайлас жемқорлыққа қарсы шығармалар конкурсы | 10-14 қаңтар | Шығармалар конкурсы | |
| 23 | «Менің азаматтық ұстанымым» дөңгелек үстелі (10-сынып) | 17 ақпан | Дөңгелек үстел | |
| 24 | 9-желтоқсан Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне арналған онкүндік: дөңгелек үстелдер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы балалар жұмыстарының конкурстарын өткізу | Желтоқсан | Ашық есік күні. Суреттер, жобалар конкурсы | |
| 25 | Мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған тақырыптық ашық сынып сағаттарын өткізу | Жыл бойы жоспар бойынша | Сынып сағаттары | |
| 26 | Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуын талдау | Мамыр | Педкеңес | |

**Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі.**

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы».БҰҰ-ның құжаттарында қолданылатын жемқорлық терминінің халықаралық-саяси анықтамасы мынадай деп берілген: сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, Қазақстан Респбуликасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары мыналар;

1.Заңның және соттың алдында баршаның теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өте маңыздысы қағидалардың орындалуы және іске асырылуы. Өкінішке орай бұл заң біреулерге дұрыс,біреулерге жұмыс жасамайды.Сонымен бірге жеке судьялар,құқық қорғау органдарының мемлекеттік қызметкерлері де сыбайластық жемқорлыққа ұшыраған.

2. Мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың мемлекеттік органдардың қызметінің заңға сүйенетін регламентін, заңдылығын және жариялылығын қамтамасыз етуі.

3. Мемлекеттік ақпараттың құрылымы,кадрлік жұмысты жетілдіру және мәселелердің шешімін жеке және заңды тұлғалардың құқық және заңды түрде мүдделеріне қатысты заң құру.

Осы аталған саладағы қабылданған Заңнамалардың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауып қатерден республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Барлық елдерде оның трансұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқада шаралар қолданылуда.

Қорытынды сөзім, салық төлеушілер мен салық органдарының қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігe күрес жасап жоғарыда айтылып кеткен қағидаларды орындап, кемшіліктерді болғызбауы керек.

Бостандық ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының
бас маманы Б.Әлайдаров

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ**

*(19.12.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтыруларымен)*

"Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы " ҚР Премьер-Министрінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 113-ө өкімін қараңыз»

1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 бап. Осы Заңда қамтылатын кейбір ұғымдарды түсіндіру

2 бап. Осы Заңның қолданылу аясы

3 бап. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы

4 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

5 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері

2 тарау. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ

6 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі

7 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

8 бап. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау

9 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

10 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар

11 бап. Қаржылық бақылау шаралары

12 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

13 бап. Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет

14 бап. Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың немесе жекжаттардың бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу

14-1 бап. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттар (салымдар) ашуға, иеленуге, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауға жол бермеу

15 бап. Мүдделер қақтығысы

16 бап. Кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

17 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндама

3 тарау. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ СУБЪЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

18 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері

19 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлері

20 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

21 бап. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның өкілеттіктері

22 бап. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі лауазымды адамдардың өкілеттіктері

23 бап. Жұртшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысуы

24 бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау

4 тарау. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ САЛДАРЛАРЫН ЖОЮ

25 бап. Заңсыз алынған мүлікті немесе заңсыз көрсетілген қызметтердің құнын өндіріп алу (қайтару)

26 бап. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған мәмілелердің, шарттардың, актілердің және әрекеттердің жарамсыздығы

5 тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

26-1 бап. Өтпелі ережелер

27 бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі